

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

«Экономика және басқару» кафедрасының

2025-2026 оқу жылының тәрбие жұмысының

2025-2026 оқу жылының жылдық есебінің жұмыстарына арналған 6B04105 – «Экономика», 6B04132 – «Мемлекеттік және жергілікті», 6B11104 – «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі», 6B11102 – «Туризм», 6B04106 – «Есеп және аудит», 6B04107 – «Қаржы» білім беру бағдарламасының мамандықтары бағыттары бойынша тәрбие жұмысының жоспары факультеттің тәрбие жұмысының негізіне сүйене отырып түзілді. Аталған мамандықтар бойынша тәрбие жұмысының жоспарын университет «Бизнес және құқық» факультетінің деканы э.ғ.к. Р.А.Егембердиев бекіткен.

2025-2026 оқу жылының жылдығында «Экономика және басқару» кафедраларына қарасты мамандықтары бойынша «Экономика», «Мемлекет және жергілікті басқару», 6B11104 – «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі», 6B11102 – «Туризм», 6B04106 – «Есеп және аудит», 6B04107 – «Қаржы» білім беру бағдарламасының мамандықтары бойынша күндізгі нысанасы бойынша оқыту бөлімінің топтары бар. Барлық топтарға эдвайзерлер тағайындалған.

2025-2026 оқу жылының жылдығында «Экономика және басқару» кафедрасына қарасты барлық топтарда тәлімгерлік сағаттар мен ашық тәрбие сағаттары бекітілген жоспарға сай жүргізілді. Тәрбие жұмыстары 7 бағыт бойынша жүзеге асырылды:

Мәдени, тәрбиелік іс-шаралардың мақсаты:

Студенттердің рухани-адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін, эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық белсенділігін дамыту және қоғамдық өмірге белсене қатысатын тұлға ретінде тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Рухани-адамгершілік тәрбие беру:

- Жастардың бойына мейірімділік, ізгілік, құрмет, жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіру;
- Адамгершілік нормаларды күнделікті өмірде ұстануға дағдыландыру.

2. Ұлттық мәдениетті насихаттау:

- Қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын таныстыру, насихаттау;
- Ұлттық өнер түрлерін таныту (айтыс, күй, жыр, би, т.б.).

3. Эстетикалық талғамды дамыту:

- Музыка, театр, кино, бейнелеу өнері арқылы студенттердің көркемдік қабілетін арттыру;

- Шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау (поэзия кеші, көркемсөз оқу, т.б.).
4. **Патриоттық тәрбие беру:**
- Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру;
 - Тарихи тұлғалар мен оқиғаларды насихаттау.
5. **Қоғамдық белсенділікті арттыру:**
- Студенттердің әлеуметтік жобаларға, қайырымдылық, еріктілік, волонтерлік іс-шараларға қатысуына мүмкіндік беру;
 - Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын дамыту.
6. **Мәдени бос уақытты тиімді ұйымдастыру:**
- Сапалы әрі мазмұнды мәдени іс-шаралар арқылы жастардың бос уақытын дұрыс пайдалануға бағыттау;
 - Теріс әрекеттерден (нашақорлық, агрессия, т.б.) сақтандыру.
7. **Шығармашылықты қолдау:**
- Әр студенттің жеке қабілетін ашуға мүмкіндік беру;
 - Өнер байқаулары, фестивальдер, үйірмелер ұйымдастыру.

1.Тәрбие жұмысы

1.1. Кафедраға қарасты топтарда өткізілетін тәрбие жұмысы туралы

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған іс-шараларға барлық оқу топтары түгел қатысып, салтанатты жиналыстың концерттік бағдарламасында өз өнерлерін көрсетті. Академиялық оқу топтарына тәлімгерлер тағайындалып, кафедраның жауапкершілігіне қарасты дәрісханалар бекітілді. Студенттері оқу регламентімен, университет бекіткен GPA курстан-курсқа өту ережесімен таныстырылды. Сондай-ақ 1-курс студенттерінің ата-аналары да білім алудың кредиттік жүйесімен таныстырылды. (Хаттамалары тіркелді). Студенттердің сабаққа қатысуы, үлгерімі-деканат, тәлімгерлер тарапынан ұдайы қадағаланып, тәлімгер сағатында талданып отырды. Бірінші, екінші аралық бақылау мен қорытынды емтихандар нәтижелері талқыланап, хаттамалары тіркелді.

Сонымен қатар кафедрада тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында төмендегідей негізгі мәселелер басшылыққа алынды:

- жеке адамның өз бетінше шығармашылық дамуы және тұрақты қылықтың эстетикалық және азаматтық көзқарасын қалыптастыру; психологиялық және педагогикалық принциптерінің ынтымақтастығы арасындағы катынастарды жетілдіру;
- азаматтыққа, адам бостандығы мен құқығын құрметтеуге, патриоттыққа, өз отанын сүйуге тәрбиелеу;
- Жеке адам және этика арасындағы жоғары мәдениеттілікті қалыптастыру;
- экологиялық мәдениет, салауатты өмір салты. қылықтық-эстетикалық, құқықтық және экономикалық мәдениет саласындағы білім беру субъектілерінің базалық міндеттерін қалыптастыру;

- тәрбие берудің қазіргі заманғы формалары мен жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген, кәсіби жетік педагогтарды қалыптастыру; қоғамдық - саяси, рухани және спорттық ортадағы аспиранттар мен студенттердің өзіндік кескіні мен дамуы;

- түрлі дәрежедегі жастардың нығаюы, еңбекпен қамтамасыз ету. студенттік құрылыс және жастар еңбек отрядтары бағдарламасы арқылы студенттердің еңбек етуі.



Сонымен қатар: 29 қазан күні 2025 жылы Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен 2025 жылығы 8-қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым –Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан:өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу » Қазақстан халқына жолдауында цифрлық өзгерістер мен жасанды интеллектке байланысты іс-шара өткізілді.



2025 жылы Қараша айының бірінші аптасында, Орталық Азия Инновациялық университетінің «Педагогика» кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақтың ұлттық киімі – ұлттың айнасы» атты мерекелік іс-шара өтті.

Қазақтың ұлттық киімі апталығы:

Қазақ ұлттық киімі – ғасырлар бойы қалыптасқан, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, табиғи жағдайларына сай дамыған киім үлгісі бойынша ОАИУ -нің ПОҚ - іҚазақ ұлттық киіміді жүріп ерекше рухани әсер сыйлады.

Жоспар бойынша: 11.12.2025жылы «**Кемелдікке бастар үш қасиет:** «Студенттік географиялық тур»бойынша Замануи технологияларды экскурсияда қолдану атты семинар өтізілді.Семинар барысында оқытушы магистр Абдикадинова А.М.аталған инновациялық технологияларды экскурсия саласында пайдалану музей экскурсиясын жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретінін,бұл өз кезегінде еліміздегі музейлер мен олардағы тарихи танымдық ақпараттарды өскелең ұрпаққа түсінікті тәсілмен сіңіруге көмектесетінін айтып өтті.. Сондықтан экскурсия саласындағы жаңа технологияларды барынша меңгеріп, пайдалануға мүмкіндіктер бар екенін, Замануи технологияларды экскурсияда қолдану тиімді екенін атап өтті.



15-қараша «ҚР ұлттық валютасы – Теңге» күні, теңгенің айналымға енген күні. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы Жарлығымен 15 қараша - Ұлттық валюта күні, еліміздегі қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланды. Күнтізбедегі белгіленген күндер бойынша Экономика мамандықтары бойынша 12 -қараша «Қазақстан экономикасын дамытуда ұлттық валютамыз «Теңге» -нің рөлі мен келешегі» атты тақырыбында бизнес мамандығының білім алушыларына аясында банк қызметтерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылып ,
Сонымен қатар «15 қараша - Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы күніне» арналған 13 қараша күні Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаментінің қызметкерлерімен кездесу және статистикалық деректермен танысу мақсатында іс-шара ұйымдастырылды .



2025 жылы 13 қараша күні Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Шымкент қаласы бойынша департаментінің қызметкерлерімен кездесу барысында.



2025 жылдың 26 қараша, **«Білім - нұр, ақыл – шамшырақ»** білім алушылар арасында өңірлік 2025 жылдың 26 қараша күндері сағат 10:00-де Орталық Азия Инновациялық университетінің «Маделі қожа» корпусында өтетін бухгалтерлік есеп пен аудит саласындағы білім беру бағдармалары бойынша білім алатын студенттер арасында Халықаралық ЖОО-аралық олимпиадасы өткізілді.



Қаңтар айы бойынша:

ОАИУ қызметкерлері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында шағын футболдан турнир өткізу. 2026 жылдың 28-29 қаңтар күндері Орталық Азия Инновациялық Университетінде «Салауатты Университет» жобасы аясында қызметкерлердің физикалық белсенділігін арттыру, ұжымдық білікті нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорт аясы өткізілді. Спорт аясында волейбол, үстел теннисі, арқан тартыс және мас-рестлинг сияқты спорт түрлерінен ойындар ұйымдастырылды. «Экономика және басқару» кафедрасының қоржына 1, 2, 3 орындарын иеленді. Ең сенімді спортшы-Камалов А.А. Мас-рестлинг бойынша Камбаров Б.К., Саменова Н. 1, 2 орындарын иеленді.

